

ISSN 1680-9262

ҒЫЛЫМИ
ЖУРНАЛ



НАУЧНЫЙ
ЖУРНАЛ



Ө. А. Байқоңыров атындағы
Жезқазған университетінің

ХАБАРШЫСЫ

1, 2017

ВЕСТНИК

Жезказганского университета
имени О. А. Байконурова



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің
Х А Б А Р Ш Ы С Ы
Ғылыми журнал

В Е С Т Н И К
Жезказганского университета имени О. А. Байконурова
Научный журнал

№ 1 (33)

2017

ISSN 1680-9262

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор

- техника ғылымдарының докторы
Тәкішев Әбдімәлік Аргынұлы

Бас редактордың орынбасары - техника ғылымдарының кандидаты
Жолдыбаев Шахман Серікбайұлы

Редакция алқасының мүшелері:

Аринов Е.Б., физика-математика ғылымдарының докторы, профессор; Абитаева Р.Ш., педагогика ғылымдарының кандидаты; Бірімжанов Қ.С., экономика ғылымдарының кандидаты; Дәукенова Г.А., экономика ғылымдарының кандидаты; Джунусов И.Ш., техника ғылымдарының кандидаты; Жаппаров К.Т., физика-математика ғылымдарының кандидаты; Қашқынбаева З.Ж., педагогика ғылымдарының кандидаты; Саухимов Ә.Е., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты; Саменова С.Н., филология ғылымдарының кандидаты; Рысбаев С.Р., философия ғылымдарының кандидаты; Умбетова А.К., филология ғылымдарының кандидаты

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор

- Тақашов Абдилматик Аргынович,
доктор технических наук

Заместитель главного редактора - Жолдыбаев Шахман Серикбаевич,
кандидат технических наук

Члены редакционной коллегии:

Аринов Е.Б., доктор физико-математических наук, профессор; Абитаева Р.Ш., кандидат педагогических наук; Бірімжанов К.С., кандидат экономических наук; Дәукенова Г.А., кандидат экономических наук; Джунусов И.Ш., кандидат технических наук; Жаппаров К.Т., кандидат физико-математических наук; Қашқынбаева З.Ж., кандидат педагогических наук; Саухимов О.Е., кандидат сельскохозяйственных наук; Саменова С.Н., кандидат филологических наук; Рысбаев С.Р., кандидат философских наук; Умбетова А.К., кандидат филологических наук

© "Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті"
акционерлік қоғамы, 2017
Акционерное общество "Жезказганский университет
имени О. А. Байконурова", 2017



ЛИТЕРАТУРА

1. Мынбаева А.К. и др. Технология разработки и проведения кураторского часа – Алматы, 2011
2. Джаманбалева Ш.Е. и др. Роль и функции куратора-эдвайзера в воспитательном процессе. /Методические рекомендации. – Алматы, 2011

ӨЖЖ 37:372.8

ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ауезова К.Т.-п.ғ.к., доцент

Абдигожина К.С.- аға оқытушы

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті

Умирбекова А.К.-аспирант

Қарасай атындағы Бішкек гуманитарлық университеті

В статье рассмотрены пути формирования и развития профессионального мастерства преподавателей.

In the article were wrote improving the formation skills of teachers education at the setting of professional ways.

Педагогикалық шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман. Педагогикалық шеберлік негізі неде? Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркендетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы- ұстаз тұрады. «Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынапмаз» бөлігі болып табылады» [1,8], – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Ал педагогикалық шеберліктің негізі неде? Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің ролін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру – педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз. «Тәуелсіз елге – білікті маман» демекші, педагогикалық шеберліктің негізі, өткен пікірімізде айтып кеткеніміздей, білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – педагогтардың жаңа технологияны меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында. Педагогикалық көзқарас бойынша, «технология» ұғымы – дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа, ерекше үлгіде ұйымдастырылған «педагогикалық өндіріс» деген пікір өз уақытында педагог-ғалымдар тарапынан сынға алынғаны белгілі. Осы сыннан соң бірте-бірте «педагогикалық технологияны» оқыту үрдісінің құрамдас бөлігі ретінде қабылдап, оны дидактикалық үрдістер мен оқыту құралдарымен жабдықтауда жаңа ақпараттық технологияға негіздеу туралы мәселе қозғалады. Педагогикалық



шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлғасы ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы. Осыдан шығарар қорытындымыз: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаздың пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қызықтарын әсерін білетін жан болуы қажет. Біздің ойымызша, инновациялық технологияларды оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдарын оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетінде пайдалануға көмектеседі. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың шарттарының өзі мұғалімнің әрдайым ізденісте, өздігінен білім алуға жағдайын туғызады. Ол педагогикалық шарттарға: инновациялық ізденіс қажеттіліктері; инновациялық әдіс-тәсілдер жайлы білім; инновациялық әдіс-тәсілдерінің тиімді жолдарын қарастыру; инновациялық әдістерді меңгеру; инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану және білім беруді ұйымдастыру формалары; инновациялық әдіс-тәсілдердің нәтижесінің болуы; инновациялық әдіс-тәсілдердің озық тәжірибелерін бекіту жатады. Инновациялық іс-әрекетті басшылыққа ала отырып, педагогикалық шеберліктің басшылық құрауыштарының маңыздылығын жоққа шығармаймыз. Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, шығармашылық шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыстап қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын танып басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеу өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды. «Талант» деген сөзді әркім әр түрлі ұғынуы мүмкін. Талант көбіне, ақын – жазушыларда, әртістерде, өнер адамдарында кездеседі. Ал, «мұғалім болу – талант па, ол әркімнің қолынан келе бермей ме?» – деген сұрақ туады. Ұстаздың барлығы талант болып тумайды. Егер кез келген мұғалім ынталы, ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялар жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техникаларды қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты шебер ұстаз бола алады. Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К.Д.Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше бұған оның оның қолы жетпейтіндігін», – айтады. Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жалпы – жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Ұстаздық шеберлік: 1) мұғалімнің өмірге көзқарасы оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі; 2) пәнді жетік білетін ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі; 3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантты ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады. Педагогикалық шеберліктің педагогикалық техника деп аталатын мәселеге мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс – тұрысы, қозғалысы, отырып – тұруы оқушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек. Педагогикалық шеберліктің негізін балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу – тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамытып шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады. Болашақ ұстаздың педагогикалық мамандыққа өзін-



бағыттап, жұмысты ұйымдастыруы педагогикалық шеберлік негіздерін білумен шарттас. Бұл саланы зерттеуші ғалымдардың пікірінше педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінеді: - педагогикалық іс – әрекеттегі гуманистік бағыттылығы; - педагогикалық кәсіби білгірлігі; - педагогикалық іс- әрекеттеке бейімділігі; - педагогикалық техникасы. Бұл аталған педагогикалық шеберлік жүйелері бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады [2,67].

Педагогикалық шеберлікке қойылатын талаптар: Педагог шебер болу үшін: өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алуы керек, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді меңгеруі тиіс, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі тиіс, өтіп жатқан интеграциялық процестерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағыттала алуы тиіс.

Қазіргі жеделдету, демокрияландыру жағдайында Қазақстан Республикасында басты міндеттердің бірі - ұлттық ерекшеліктерді еске алып, жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру. "Қазақ мектептері - қазақтарға білім берудің басты құралы ... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім беретін болсын ... Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады." (Ы. Алтынсарин). Еліміздің еркіндік алуы, тіл аясының кеңеюі, қазақ мектептері санының көбеюі бүгінгі талапқа сай кадрларын әзірлеу, жас педагогтарға өзіндік бағыт, бағдары бар түйінді ойларды жинақтап жеткізу қажеттігін туындатып отыр. Сол себептен де қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді кутуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкершіл педагог - мамандардың қажеттігін мойындап отыр. Себебі адам тағдырында мектептік кезеңі аса маңызды. Балалардың өмірлік бастауында жетесіз педагог тұрса, одан келер шығынды өлшеп болмайды. Сондықтан да педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек. Яғни педагог шебер болу үшін: өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алуы керек, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді меңгеруі тиіс, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі тиіс, өтіп жатқан интеграциялық процестерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағыттала алуы тиіс. Педагог әрқашанда өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын, адамдармен, әсіресе, оқушылармен қарым-қатынасқа тез түсе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік білетін әрі уағыздаушы, таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамындағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі болуы керек. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр" деген болатын. Қазіргі заман Мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұла ретінде ұлағатты саналады деп ойлаймын. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды. Шебер ұстаз дегенді шығармашыл ұстаз деп те атар едім. Шығармашыл ұстаз күнделікті әрбір сабағын түрлендіріп өткізуге тырысады. Оқушының білімін көтерудің ең басты шарты-оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген



қызығушылығы болса ғана, бала оған көңіл қойып тындап, тереңдете оқып үйрен бастайды. Пәнге қызыққан оқушының білім сапасының жоғары болатыны белгілі. Шебер мұғалім үнемі оқушының ойлау белсенділігін арттырып, білім қызығушылығын тудырғанда ғана ұстаз мақсатына жетеді. Сабақты тартымды қызықты етіп өткізу - мұғалімнің шеберлігі, білімділігі, таланты. Егер, мұғалім сабақ бір тақырыпты оқытуда оқушыларды ойландыруға, ізденуге, тәжірибе жасап, істеген жұмысын қортылындай білуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға, ғылыми тілде сөйлеу білуге назар аударса, келесі бір сабақтың тұрмыс, салт- сана көрінісіне, кәзіргі жеткіншек жете білмейтін ұғым - түсінігін бүгінгі өмір салтына жинастыра көрсетсе аударса, сол арқылы танымдық мақсат қояды. Сөйте отырып, ұлттық дәстүрді қадырлау білуге, адамгершілікке, ізгілікте, ұлттық тәлім - тәбие беруге назар аударылады. Сабақ үрдісінде оқушылар өзіне- өзі баға беруге, әлсіз жақтарын сын көзбен қарауға, өзінің жетістігін жете білуге, өзбетімен іздене білуге дағдылары қалыптасалы. Оқушылар арасында ынтымақтастық, сенім ахуалы қалыптасып, өзара силастыры орнайды. Міне, осыларды педагогикалық шеберлікті аша түсудің тағы бір қыры деп есептейміз. Мұғалімге қойылатын талап – жауапкершілік, жүктелген үлкен міндетін абыройлы істің сан қырлылығы одан жан – жақты терең біліктілікті, аса педагогикалық шеберлікті, өте нәзік психологиялық қабілеттілікті талап етеді. Бұдан нені байқауға болады? Мұғалімнен жан – жақты терең білім-біліктілікті, сегіз қырлы, бір сырлылықты талап етіп тұрған жоқ па? Мұғалімнің бір ғана сыры – оның мамандығы бұл дүниеде теңдесі жоқ мамандық тек мұғалімге ғана лайық. Сондықтан ұстаз адам кәсіби мамандығына құштар, оны жан – тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауға тиіс. Олай болса мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді. Мұғалім адамның өзі пәнін терең меңгеруі оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлілігін үздіксіз ұштап, шыңдай түсуі екінші қыры болмақ. Үшінші қыры – мұғалімнің тілді меңгеруі – тіл шеберлігі. Сөзді жетесіне жеткізе сөйлей білудің өзі – өнер. Себебі, тіл – тәрбиенің құралы. Төртінші қыры – байқағыштық сезімі – көрегендігі. Бесінші қыры – әр жүректегі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаздығы. Алтыншы қыры – жан – жақты дарындылығы. Жетінші қыры – үздіксіз тынымсыз ізденімпаздығы. Сегізінші қыры – үлгі-өнегесі, мұғалім мәдениеті немесе педагогикалық әдеп – этикасы деуге болар еді. Себебі, мұғалімнің келбеті – сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі. Мұғалім – Ұстаз тұлғасы, оның іс-әрекетінің сан – қырлылығынан ұстаз беделі деген ұғым туындайды. Мұғалімнің беделді болуының алғы шарттары: бірінші: балаға үлгілі болуы, және үлгі көрсетуші болуы керек. Шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің куәсі болуы керек. Сонымен бірге жаныңды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші - білім беру саласы мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер меңгерген, сол кәсіптің ыстығы мен суығын өзі де басынан кешірген адам нағыз ұстаздар, шынайы бапкерлер осындай қасиеті бар жандардан шығады. Сынайы әдебімен, тұнық мінезімен, терең білімділігімен көпке жақын адам. Мұғалім шеберлігі – бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелену мен оқыту өнері [3,89-113]. Жеке тұлға мәдениеті, білім мен өрісті дүниетанымы педагогикалық техника мен озат тәжірибе, осы педагогикалық шеберліктің негізі деп ойлаймыз. Қазіргі заман мұғалімнің тұлғалық белгісі – ой өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен теңдей қадам басамын деген әрбір адам өзі көп ақпараттан хабардар болуы қажет.



ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана 2012.
2. Педагогика. Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет. Дәрістер курсы. - Алматы "Нұрлы әлем" 2003.
3. Педагогикалық терминдік-түсіндірмелі сөздік. – Алматы, 2007.

УДК 37.01

К ВОПРОСУ О ПОВЫШЕНИИ СТРЕССОУСТОЙЧИВОСТИ ПЕДАГОГОВ

Базкен Р.Р., Ахметкаримова К.С.
Жезказганский университет имени О.А. Байконурова

В статье дается обзор работ по стрессоустойчивости педагогов. Обсуждаются пути повышения стрессоустойчивости педагогов.

The review of the works on handling the stress of educators is considered in the article. The ways to cope with the stress are discussed.

В век глобализации, стремительного натиска интернета, новых технологий в жизнь человека, интенсивных контактов люди подвержены стрессу. В современном мире неуклонно возрастает число психотравмирующих, фрустрирующих и стрессогенных факторов, негативно влияющих на человека, его профессиональное благополучие и здоровье. Одним из таких факторов можно считать большой набор требований, который на современном этапе развития общества предъявляет к профессионалу. Другим фактором выступают резко возросшие процессы интенсификации труда, предполагающие высокий уровень соответствия требованиям и стабильности при осуществлении профессиональной деятельности [1]. Педагогическая профессия относится к категории профессий особо уязвимых перед стрессом, так как педагогу приходится решать разнообразные профессиональные задачи в условиях недостатка времени и информации, постоянного открытого контакта с людьми, предполагающего значительные эмоциональные и энергетические затраты. Профессиональная деятельность современного педагога требует постоянной и максимальной мобилизации его собственных ресурсов.

Стресс, подверженность стрессам представителей многих профессий и вообще виды стресса, стрессоустойчивость и другие схожие проблемы изучались в работах многих исследователей. Проблема стресса традиционно вызывает большой интерес ученых и практиков, связывает между собой многие фундаментальные и прикладные исследования. Обширный научный опыт по проблеме изучения и борьбы со стрессами накоплен за рубежом (В. Вундт, У. Джемс; Р. Йеркс, Дж. Додсон; У. Кеннон; Т. Кокс, К. Маккей; Р. Лазарус; Р. В. Маимо; D. Mechanik; Г. Селье; Z. Freeman и др.). Постоянно растет интерес к исследованию темы стресса и стрессоустойчивости в отечественной науке. Данной проблематикой занимались такие видные психологи, как: В. А. Абабков, В. В. Бодров, А. В. Вальдман, М. М. Козловская, О. С. Медведев, А. А. Виру, Н. Е. Водопьянова, Т. С. Кабаченко, Г. И. Косицкий, В. М. Смирнов, Л. А. Кипаев-Смык, А. А. Криулина, А. Б. Леонова, И. Г. Малкина – Пых, В. Л. Марищук, К.



состояния стержневых элементов конструкций при наличии внутренних источников тепла и бокового теплообмена.....	76
<i>Хасенов А.О., Бекем Д.К., Баткульдинова К.К., Нурманова С.К., Тулегулов А.Д.</i> Шағын ғарыш аппараттың кездейсоқ пайда болатын жағымсыз факторлардан қорғау.....	81
<i>Хасенов А.О., Ермек К., Нуртасов А.Е., Тулегулов А.Д., Молдамурат Х.</i> Шағын ғарыш аппараттың пайдалы жүктемесін зерттеу.....	87
<i>Чариков П.Н.</i> Модель системы управления материальными потоками в процессе переработки сырья.....	91
Педагогикалық ғылымдар.....	97
Педагогические науки.....	97
<i>Абильдаханов Н.К., Ахметкаримова К.С.</i> Становление профессионального самоопределения старшеклассников.....	97
<i>Абильдаханов Н.К.</i> Профильное обучение как средство профессионального самоопределения старшеклассников.....	101
<i>Аккушукова К.Б., Калекенова А.Т.</i> Роль куратора в воспитательном процессе вуза.....	104
<i>Ауезова К.Т., Абдигожина К.С., Умирбекова А.К.</i> Оқытушылардың біліктілігін арттырудағы кәсіби шеберліктерін қалыптастыру.....	109
<i>Базкен Р.Р., Ахметкаримова К.С.</i> К вопросу о повышении стрессоустойчивости педагогов.....	113
<i>Базкен Р.Р., Ахметкаримова К.С.</i> Пути повышения стрессоустойчивости педагога.....	115
<i>Бердикожаяева А.Ж., Уайдуллақызы Э.</i> Интербелсенді оқыту әдістемесін қолданудың педагогикалық шарттары.....	118
<i>Вязовик Е.А.</i> Первые шаги к обновлению в системе образования.....	123
<i>Ержанова Н.Е.</i> Формирование коммуникативной культуры будущего педагога как основа профессиональной подготовки.....	127
<i>Жұмабай А., Уайдуллақызы Э.</i> «Лидерлік», «лидерлік сапа» ұғымдарының зерттелу жайы.....	131
<i>Ізбасар А., Уайдуллақызы Э.</i> Мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудың маңыздылығы.....	136
<i>Қожаханова Л.Е., Сәдуақас Г.Т.</i> Сауат ашу сабақтарында топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.....	139
<i>Миронов В.В.</i> Специфика групповой работы.....	143
<i>Мурзалиева А.Б., Жалелов У.Ж., Жадрин М.К., Мурзалиева Г.Б.</i> История развития представлений об одаренности.....	148
<i>Мурзалиева А.Б., Жалелов У.Ж., Жадрин М.К., Мурзалиева Г.Б.</i> Современные подходы к вопросу одаренности у детей.....	153
<i>Мурзалиева А.Б., Жалелов У.Ж., Жадрин М.К., Мурзалиева Г.Б.</i> Использование активных методов на уроках в начальной школе.....	157
<i>Нұрсейит Б.Д., Жалелов О.Ж.</i> Қазақстан республикасының білім беру жүйесіндегі психолог қызметінің дамуы.....	163
<i>Омарова М.Б.</i> Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда дидактикалық ойынның маңызы.....	167
<i>Пономарева О.А., Амирсеілова А.Т.</i> Социализация личности учащихся с помощью физической культуры в условиях гимназии.....	176
<i>Раисова Ш.С.</i> Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілеттерін ойын	

